

2. Дикман Л.Г. Организация жилищно-гражданского строительства: Справочник строителя.- 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Стройиздат, 2008.- 495с.

3. Баздникин А.С. Основы управления в строительстве. – М.: Высш.шк., 2009.- 191 с.

Мақалада оперативтік жоспарлаудың және құрылыс өндірісін басқарудың нормативтік базасы, шығу мәліметтері және негізгі міндеттері қарастырылған. Құрылыс ұйымының басқару деңгейлері бойынша оперативтік жоспарлары, оперативтік жоспарлаудың құрылымы, желілік және түйінді әдістерді пайдалану арқылы құрылысты басқару талданған. Құрылыс өндірісін тиімді диспетчерлік басқарудың негізгі қағидалары әзірленген және құрылысты оперативтік басқаруды жетілдірудің маңызды бағыттары анықталған.

This article describes the main objectives, basic principles and regulatory framework for operational planning and management in construction industry. Operational plans of a construction company according to the levels of its management, structure of operational planning and construction management using network and central methods are analyzed. Basic principles of effective supervisory control of construction production are described, major directions of improving operational management of construction are defined.

А.Т. Бейжанова, Р.Д. Исагулова

ЛОГИСТИКА – КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Бәсекелестік күресте логистика қазіргі таңда да, болашақта да негізгі фактор болып табылады. Кәсіпорындар арасында, құнды қалыптастыру біртұтас тізбегінің жүйелері арасында, сондай-ақ елдер арасында және экономикалық аймақтар арасында бәсекелестік күрес сәттілігі бірінші кезекте логистикадағы компетенция дәрежесімен анықталады. Кәсіпорындарды жүргізілген зерттеулер тиімді логистика мен кәсіпкерлік қызметтің сәттілігі арасындағы жағымды өзара байланысты көрсетеді. Логистиканың қазіргі күндегі және болашақтағы ерекше маңыздылығы біріншіден, логистиканың заманауи түсінігімен және құнды қалыптастыру жүйелерінің және экономикалық құрылымдардың қазіргі күнгі және келешектегі даму жағдайымен түсіндіріледі.


Даму сатылары логистиканың қалыптасуын анықтайды. Дамудың бірінші сатысы логистиканы жүктердің кеңістік және уақыттық жылжуы қызметіне функционалдық мамандануы ретінде анықтайды. Бұл анықтамамен қамтылмаған сатып алу, өткізу және өндіріс секілді кәсіпорын функцияларына жауап беруші - дамудың екінші фазасы логистиканы материалдық және тауарлық ағымдардың экономикалық тиімді және қолайлы қозғалысын координациялау функциясы ретінде қарастырады.

Дамудың екінші сатысы логистиканы функциялар жайлы оқу ретінде қарастырудан логистиканы басқару туралы ғылым ретінде қарастыруға өтпелі саты ретінде болып табылады. Логистика басқару туралы ғылым және басқару концепциясы ретінде дамудың үшінші сатысын анықтайды. Ол құнды қалыптастыру жүйесінің логистикалық көзқарасына негізделеді. Құн қалыптастыру жүйесі логистикалық тұрғыдан қарастырғанда ағымдар жүйесі болып табылады. Қазіргі күнге сай логистика түсініктемесіне келесідей анықтасақ болады: логистика – бір немесе бірнеше кәсіпорындар шегінде құнды қалыптастыру жүйелеріндегі объектілердің (жүк, ақпарат, қарды жіне персонал) экономикалық пайдалы және тиімді қозғалысын басқару, жүзеге асыру және ұйымдастыру концепциясы.

Кәсіпорындар арасында «жеткізу тізбегін басқару» – «Supply Chain Management» атауы кең тарауда. Бұл ағылшын терминінің пайда болуы кәсіпкерлік тәжірибедегі жаңалықтарды осы атаумен оңай «сату» және жүзеге асыру мүмкіндігімен байланысты. «Жеткізу тізбегін басқару» логистика болып табылады, алайда ол дамудың сапалы жоғары деңгейін көрсетеді.

Логистиканың аталған үш даму сатысын кәсіпкерлік тәжірибеге бір көзқарастан байқауға болады.

Сонымен қатар логистика түсінігінің басқару концепциясы ретінде маңызының жоғарлауын байқауға болады (1-сурет) [1].



1-сурет. Кәсіпкерлік тәжірибеде логистика түсінігіндегі өзгерістер

Жаңа логистикалық көзқарас және жаңа логистикалық қызмет бұрынғыдай тасымалдау, қоймалау секілді кәсіпорынның жекелей функцияларымен шектеліп қоймай құнды қалыптастыру кешендік жүйесінің барлық функциялары мен процесстерін қамтиды. Мысалы, құрылымдық жаңа өнімдерді дайындау мен жүзеге асыру технологиялық процесс пен дайындау уақыты, осыдан келе жеткізу сенімділігі мен мерзімділігіне әсерін тигізеді. Экономикалық пайдалы объектілік ағымдар арқылы барлық талаптарға, барлық өткізу нарықтарына және тұтынушылардың қалауларына жоғары деңгейде жауап беру үшін, сондай-ақ бәсекелестік күресте өз позициясын күшейту үшін құнды қалыптастыру бойынша барлық үрдістердің логистикалық өлшемін білікті түрде қолдану қажет.

Басқару концепциясы ретінде логистиканың заманауи түсінігі кәсіпкерліктің жаңа және өзгерген шарттарына сай келеді. Логистиканың жаңа түсінігінің қалыптасуына ең алдымен экономикалық тәжірибедегі өзгерістер себеп болды. Сондықтан логистиканы тәжірибелік кәсіпкерлік қызметнәтижесінде пайда болған өнім ретінде қарастыруға болады.

Осы күнге дейін логистика даму процессіне әлдеқайда күшті әсерді экономикалық жахандану және оның салдары – бәсекелік күрестің белсендеуі тигізді. Сонымен қатар, тұтынушылардың да төмен логистикалық шығындар негізінде тасымалдау, жеткізудің мерзімділігіне, сенімділігіне және икемділігіне деген талаптары артты. Осы аталған факторлар кәсіпорын қызметінде объектілік ағымдар менеджментінің қажеттілігін алға қойды. Бүгінгі таңда жоғары сапалы тауарды өндіру жеткіліксіз болып отыр. Өнімнің жоғары сапа деңгейі бүгінгі бәсекелестік күресте логистиканың да жоғары сапасымен үйлесуі керек, яғни бүгінгі таңдағы және келешектегі бәсекелестік күресте логистика шешуші рөл атқарады.

Логистикалық теориядан логистикалық практика логистика дамуының болжамын жасауға мүмкіндік беретін құнды қалыптастыру жүйесіндегі кәсіпорын қызметінің шектік шарттары және логистикалық құрылымдары мен процестері арасындағы өзара байланыстарды анықтауды күтеді.

Ғылым тәжірибеден кейін қалатындығын жиі естуге болады. Көптеген ғылыми зерттеулер тәжірибеге айналған құбылыстарды немесе тәжірибе барысында болып жатқан үрдісті дәлелдеуге тырысады. Бұндай ғылыми жұмыстар өткен оқиғаларға негізделеді. Олар әрине құнды білім береді, алайда олар болашаққа болжам жасауға жеткіліксіз. Логистикада болашаққа негізделген зерттеулерге өту қажет. Келешек құрылымды құру бойынша белсенді

жұмыс кәсіпорынға бәсекелестіктегі уақыт артықшылықты қамтамасыз етеді. Ол өз кезегінде кәсіпорынға құнды қалыптастыру бойынша процесстерді дәл уақытында жетілдіруге мүмкіндік береді.

Болашақ логистикалық мәселелерді болжау логистикалық жүйелер мен ағымдар жүйелерін түсіндіру мен сипаттау үлгілеріне негізделеді. Бұл үлгі логистикалық құрылымдар мен үрдістер және тиімділік пен материалдық және ақпараттық ағымдардың қозғалысының экономикалық дұрыстығы арасындағы өзара байланысты көрсетеді. Ағымдар жүйелерін түсіндіру және сипаттау үлгісі логистикалық теорияны қалыптастыруға және тәжірибеде болашақ құрылымдарды қалыптастыру мақсатында қолданылады.

Келешекті болжау әдістерін қолдана отырып, логистикалық құрылым мен үрдістердің даму бағытын альтернативті негізде бейнелеуге болады. Сондай-ақ осы әдіс негізінде логистикалық перспективалар да жасалады. Логистикалық болашақтарды жүзеге асыру логистикалық стратегиялар арқылы жүреді. Логистикалық стратегиялар концепциялары құнды қалыптастыру жүйелерінің дамуының тенденциясын анықтауға мүмкіндік береді.

Әлемдік бәсекелестік бәсекелестік күрестің интенсивті өсуін жетелеуде. Кәсіпорындар бұл үрдіске негізгі қызмет түріне шоғырлану мен қызметтер аутсорсингімен жауап беруде. Бұл құнды қалыптастыруды қатысу үлесін азайтуға әкеледі. Бұл термин құнды қалыптастыру бойынша жасалған жалпы жұмыстар үлесінен фирманың өз күшімен жасаған жұмыстарының артық үлесін көрсетеді.

Құнды қалыптастыруда қатысу нысаны түпкі тауар өндірісінде және логистикалық процесстерге қатысу болып табылады. Түпкі өнім өндірісінде қатысу үлесін төмендету жүктердің тасымалына елеулі ықпал етеді.

Кәсіпкерлер арасындағы жүктік ағымдар құнды қалыптастыру тізбегіне кіретін кәсіпорындар санының артуымен көбейеді. Осының нәтижесінде жүк тасымалы көлемі (тоннада) және жүк тасымалы кезіндегі өнімділік (тонна/километр) тауар өндірісі өсімімен салыстырғанда пропорционалды емес түрде өседі. Өндірістік кәсіпорындарда логистикалық операциялардағы қатысу үлесінің төмендеуі түпкі тауар өндірісіндегі қатысу үлесінің төмендеуіне қарағанда айқын көрінеді.

Логистикалық операцияларда қатысу үлесінің көрінісі болып бұл операцияларды сыртқы агенттерге тапсыру, яғни аутсорсинг деңгейі табылады. Шамамен кәсіпорындардың 48%-ы қоймаларын басқаруды маманданған логистикалық кәсіпорындарға тапсырған. 2010 жылда бұл көрсеткіш 65%-ға дейінгі жоғарлауы күтіледі. Логистикалық менеджмент бойынша қызметтер сферасында елеулі өсім жеткізу тізбегінің бөлшектік менеджменті аясында болады (яғни 30% жоғары аутсорсинг) [2].


Осы шағын мысалдар логистикалық қызметтерге сұраныстың артуын көрсетеді. Қызметтер санының өсуімен қатар олардың сапалық өзгерісі де болады. Дәстүрлі логистикалық қызметтермен бірге жаңа өзара толықтырушы қызметтер де пайда болуда.

Құнды қалыптастыруда қатысу үлесінің төмендеуі және аутсорсинг жабдықтау стратегиясы мен кәсіпорынға жабдықтаушы көздерін іздеу стратегияларын өзгертеді. Өндіруші тек бірнеше таңдаулы жабдықтаушылар мен логистикалық кәсіпорындармен жұмысын тиімді орындайтын кәсіпорындарға анықталған қызмет түрлерінің толық пакетін орындауды тапсырады (жай және жүйелік көздің комбинациясы) (2-сурет). Мысалы, кәсіпорын кешенді өткізу логистикасын логистикалық қызмет жабдықтаушысына тапсырады, ал ол бұл жұмысты келісім-шартты логистика шегінде орындайды.

Бірінші кезекте логистикалық жүйелер жабдықтаушылары үлкен сұранысқа ие. Алайда логистикалық жүйенің жеке бөлшектерін жабдықтаушылар өз маңызын жоғалтқан жоқ. Өз нишасын бұл жабдықтаушылар логистикалық жүйе жабдықтаушыларымен бірлескен қызметте табады. Логистикалық жүйенің жеке бөліктерін жабдықтаушы тек логистикалық жүйеде жұмыс істеп қоймай, сондай-ақ өндіріс пен сауда арасындағы тікелей қарым-қатынастар аясындағы маман болып табылады.

Бүгінгі таңда бәсекелестік күрес аясында бірқатар өзгерістер байқалады. Бәсекелестік жеке кәсіпорындар деңгейінде аз білініп, ал құнды қалыптастыру жүйелері деңгейінде елеулі

өсімге ие. Бәсекелестік күрестен жүйенің барлық түрлері ұтымға ие болады. Алайда жүйедегі оперативті және қысқа мерзімді бірлестіктермен салыстырғанда, бірінші орынды ұзақ мерзімді кезеңде бірлескен қызметті көздейтін кооперативті стратегиялық жүйелер алады. Ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа логистикалық кәсіпорындар да кіреді.



2-сурет. Кәсіпкерлік тәжірибедегі мамандану стратегиялары

Жеке бір мемлекет жағдайына арнайы жасалған жергілікті стратегия бір мемлекет шегіндегі қызметті анықтайды. Құнды қалыптастыру бойынша қызмет бір мемлекет шегінде координацияланады. Мұнда мемлекеттер арасындағы қызметті ұйымдастыру болмайды (әлемдік нарықтағы кәсіпорындардың орталықтандырылмаған ұйымдастырушылық моделі). Ғаламданудың ең қарапайым стратегиясы қызметі жоғары деңгейде координацияланған, бір немесе бірнеше өндіріс орындарындағы құнды қалыптастырудың әлемдік жүйесі шегінде құнды қалыптастыру бойынша қызметтің шоғырлануын білдіреді (әлемдік нарықтағы кәсіпорындардың орталықтандырылған моделі). Бір уақытта үлкен маңызға ғаламдық координация стратегиясы да ие болады. Бұл стратегиялар құнды қалыптастыру бойынша қызметті әлем бойынша өндірістің қалаулы жерлері арасында таратады. Бұл аймақтар әлемдік бірлестік ретінде координацияланады.

Ғаламдық координация стратегиясын ұсынатын кәсіпорын әлемдік интеграцияланған жүйе және тұрақты координацияланған ақпараттар, компоненттер, өнімдер, персонал және ноу-хау айналымымен сипатталады. Жүктер тасымалында мемлекетаралық және әлемдік сипатқа ие болады (3-сурет).

Құнды қалыптастыру жүйесінің ұлтаралық ғаламдық бағыты транспорттық және басқа логистикалық қызметтерге деген сұраныстың ғаламдануына көрініс береді. Сол себепті логистикалық кәсіпорындар үшін ғаламдану қажеттілігі туады. Бұны жаңа логистикалық кәсіпорындардың пайда болу мысалында байқай аламыз.

Логистикалық қызметтің жаңа түрлері логистика алдына электронды бизнес (Business to Business: B2B – іскерлік клиенттермен келісім-шарттардың электронды жүзеге асырылуы) және түпкі тұтынушылармен электронды сауда (Business to Customer: B2C) қоятын талаптар негізінде пайда болады [3].

Бұл инновациялық іскерлік қатынастар логистикадан тек ақпараттық ағымдардың басқаруын емес, сондай-ақ жүктік ағымдардың физикалық қозғалысы бойынша мәселелердің оперативті шешілуін талап етеді. B2B және B2C сәттілігі тек жүк ағымдарының физикалық


қозғалысының дұрыс жүзеге асуы жағдайында болады. Кәсіпкерлік қызметтің В2С моделі сервистің жоғарғы деңгейін және тұтынушыларға жоғарғы индивидуалды келістің жаңа толқынын әкеледі. Кәсіпкерлік қызметтің қарапайым моделінен В2С моделіне өтуде мақсатты топтың да ауысуы болады.

Бірлесу стратегиялары

Құнды қалыптастырудың стратегиялық жүйесі: тұтынушы мен жабдықтаушылармен ұзақ мерзімді, сенімді іскерлік қатынастар орнату

Қысқа мерзімді нарықтық қарым-қатынастар: кәсіпорын икемділігін арттыру үшін қысқа мерзімді қатынастар орнату

Құнды қалыптастырудың виртуалды жүйесі: виртуалды кәсіпорын бөлігі бола отырып, икемді ұйым мен сенімді ынтмақтастық артықшылықтарын біріктіру



3-сурет. Халықаралық кооперация стратегиялары

Егер бұрын сауданың логистикалық қажеттіліктеріне жауап беру керек болса, бүгін түпкі тұтынушының қажеттіліктері логистика алдына жаңа мәселелер қояды. Өнімге және логистикалық қызметтерге жеке тұтынушылық сұраныс негізінде пайда болған жоғары талаптарын кәсіпорындар «стандартталған жеке қызметтер» стратегиясымен қанағаттандыруда.

«Стандартталған жеке қызметтер» өте жоғары деңгейде стандартталған және бір мезгілде тұтынушылардың жеке қалауларына сай келетін кәсіби қызметтер болып табылады. Сонымен қатар логистикалық процестердің стандартизациясы мәмілелердің жүзеге асуының физикалық үрдістеріне де, басқарушылық үрдістеріне де бірдей жүреді.

«Стандартталған жеке қызметтер» стратегиясы сапаны, шығындарды және мерзімді басқаруға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл стратегия үлкен маңызға ие. Алайда ол кәсіпорынның стандартталған өнім мен қызметтер өндірісіне шоғырлануын білдіреді.

Қорыта келгенде, келешек дамудың тенденциялары бәсекелестік күрестегі сәттілік факторы ретіндегі логистика рөлінің артатандығына болжам беруге мүмкіндік береді.

1. www.bizedukation.ru
2. www.logistic.ru
3. www.lobanov-logist.ru

В статье рассматриваются возможности логистики по повышению конкурентоспособности предприятий. Значительное внимание уделено стратегиям международной кооперации.

This article is about logistics possibilities on increase of competitiveness of the enterprises are considered. The considerable attention is given strategy of the international cooperation.